

## **2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда аудан аумағында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы**

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 132 қаулысы. Атырау облысының Құрманғазы ауданы Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 сәуірде N 4-8-204 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20 бабын және 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 31 бабының 1 тармағын 8 тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 3 науырыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда аудан аумағындағы шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылу немесе шақыру мерзімін кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтарды, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығын жойған азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлермен әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. № 1 қосымшаға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыру комиссиясы (келісім бойынша) құрылсын.

3. № 2 қосымшаға сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. "Құрманғазы аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша), "М. Ғилаев атындағы Құрманғазы аудандық туберкулез ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына (келісім бойынша) :

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде аудандық дәрігерлік

куәландыру комиссиясын білікті дәрігер-мамандарымен, орта медициналық қызметкерлермен жиынтықтап, тиісті пунктін кабинеттерін медициналық жабдықтармен және аспаптармен қамтамасыз ету;

2) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары кеуде органдарын рентгендік, флюорографиялық зертеу, электрокардиографиялық, қанның жалпы талдауын, несептің жалпы талдау тапсыру жөніндегі жұмыстарға бақылау жасауды ұйымдастыру;

3) денсаулық жағдайына байланысты шақырудан кейінге қалдырған науқас азаматтармен емдеу-сауықтыру жұмысын жүргізуді, сонымен қатар сырқат азаматтарды есепке алу және олармен сауықтыру шараларын жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша) әскерге шақырылушыларды шақыру учаскелеріне жиналу және әскерге жөнелтілу кезінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, белгіленген мерзімде шақыру учаскесіне келмеген, әскерге барудан бас тартып жүрген азаматтарды іздестіру, олардың тұратын жерін анықтау жөніндегі жедел топтарды құру және оларды Құрманғазы аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөліміне жеткізу, сондай-ақ азаматтардың шақырудан жалтару әрекетін болдырмау мәселелері жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру (жинау) жұмыстары кезінде Құрманғазы аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің сұранысы бойынша техникалық қызметкерлермен қамтамасыз ету шарасын алу тапсырылсын.

7. Құрманғазы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне азаматтарды мерзімді әскери қызметке салтанатты түрде шығарып салу үшін көркем өнерпаздар ұжымдарының өнер көрсетуін ұйымдастырсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары, әкімдік мүшесі А. М у с а жүктелсін.

9. Қаулы алғаш ресми күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

А. Такешев

Келісілді:

Койшыбаев Жандарбек - Құрманғазы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының уақытша міндетін атқарушысы;

Ғазизов Байтолла - "Құрманғазы аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері;

Арыстаналиев Амангелді - "М.Ғилаев атындағы Құрманғазы аудандық туберкулез ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік

қазыналық кәсіпорынның бас дәрігерінің уақытша міндетін атқарушы;

Қаспанов Жанкелды - Құрманғазы аудандық ішкі істер бөлім бастығы.

А у д а н ә к і м д і г і н і ң

2011 жылғы 30 наурыздағы № 132

қаулысымен бекітілген 1 қосымша

### **Мерзімді әскери қызметке шақыру комиссиясының құрамы:**

Койшыбаев Жандарбек - Құрманғазы аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығының уақытша міндетін атқарушы, комиссия төрағасы;

Муса Абдуррахман - аудан әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Нсанов Рахметолла - аудандық емхананың аға дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы;

Қаспанов Жанкелды - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы

Кабиева Гүлфара - аудандық емхананың медбикесі, комиссия хатшысы.

А у д а н ә к і м д і г і н і ң

2011 жылғы 30 наурыздағы № 132

қаулысымен бекітілген 2 қосымша

### **Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі**

P/c	Селолық округтер	Флюорографиядан, анализдерден өткізу мерзімдері		Медициналық комиссиядан өткізу мерзімдері	
		Сәуір	Қазан	Сәуір	Қазан
1	Ганюшкин селолық округі	Мамыр	Қараша	Мамыр	Қараша
2	Мақаш ауылдық округі	Маусым	Желтоқсан	Маусым	Желтоқсан
3	Еңбекші селолық округі	Маусым	Желтоқсан	Маусым	Желтоқсан
4	Орлы селолық округі	Маусым	Желтоқсан	Маусым	Желтоқсан
5	Нұржау селолық округі	Маусым	Желтоқсан	Маусым	Желтоқсан

6	Киров селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
7	Ақкөл селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
8	Теңіз селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
9	Бірлік селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
10	Сафон селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
11	Кудряшов селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
12	Байда селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
13	Шортанбай селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
14	Көптоғай селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
15	Дынғызыл селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
16	Қиғаш селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
17	Азғыр селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
18	Сүйіндік селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
19	Асан селолық округі	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Қараша Желтоқсан	Сәуір Мамыр Маусым	Қазан Желтоқсан	Қараша
20	Қосымша күндер	Маусым	Желтоқсан	Маусым	Желтоқсан	